

«AQTOĞAI AJARY» газетіне – 85 жыл!

Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY

Aqtoğai aýdandyq qoғamdyq-sarasi basylım

№32 (7921)

Жұма


4 тамыз

2023 жыл

Gazet 1938 jylgy 15 tamyzdan shygady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



жырынан бастауы да тегін емес. Бесіктен бастап ән-жырмен тәрбиеленген бала апыл-тапыл жүре бастағанда тұсауы кесіліп, сәби құлағына «Тұсаукесер» жыры жетсе, тілі шыға санамақтар мен жаңылтпаштар жаттап, тіл ұс-тартады. Халық ауыз әдебиетінен бізге жеткен осы жанрлар бүгінгі кезеңге сәйкес түрленіп, жетілдіріле

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе!»

Балалар әдебиеті, балалар кітабы дегеніміз – ұрпақ тәрбиесінің басты құралы. Бұл аса жауапты салаға үлкен мән берген Президентіміздің Ұлттық құрылтайдағы «Балалар кітапханасы» бағдарламасын жасау жөніндегі ұсынысы қуанышты да мақсатты бағдар екені сөзсіз. Себебі, бүгінгі бала – ертеңгі еліміздің иесі. Ендеше, жаңа Қазақстанның ертеңгі тағдыры солардың қолында. Сондықтан, балаға бала деп емес, еліміздің ертеңі деген тұрғыдан қарап, ұрпақ тәрбиесіне баса көңіл бөлгеніміз абзал.

«Балалар балалық пен даналықтың арасында өмір сүреді» дейді халық даналығы. Демек, бұл істе «Тәрбие басы – тал бесік» деп тұжырымдаған аталарымыздың ұрпақ тәрбиесін бесік

түсуде. Алдағы уақытта «Балалар кітапханасы» осы ауыз әдебиетінің жауһарларынан басталып, алдыңғы буын ақын-жазушыларымыздың таны-мал туындыларымен толықтыры-ла түсетіні қуантады. Балалар әдебиетінің антологиясына енген қаламгерлеріміздің таңдамалы шы-ғармалары да іріктеліп, сараланып берілгені абзал. Сонда ғана «Ел бо-ламын десең, бесігіңді түзе» деген дана халқымыздың өсиетіне адал кү-лақ асқанымыз болар еді. Балалар кітапханасын қолға алған шығар-машылық топ осыған баса назар ау-дарғаны жөн деп есептеймін.

Қ.Беркімбаева,
ауданның орталықтандырылған кітапханасы.

Нақты жобалар ұсынылды

Түркістанда өткен Ұлттық құрылтай басты бағдар ретінде саясат пен экономика идеологиямен сабақтас, қатар дамуы керек екенін тағы да бір аңғартты. Қазақстанның жаңа идеологиялық стратегиясын іске асырудың нақты қадамдары ұсынылды. Тәуелсіздігіміздің басты мұратын жүзеге асыруда елжандылық, еңбек пен білім, құқық пен тәртіп, адамгершілік пен жауапкершілік секілді құндылықтар басты назарда тұруы керек екеніне көз жеткіздік. Бұл құндылықтар «Әділетті Қазақстан – Берекелі қоғам – Адал азамат» аталған бірыңғай тұжырымдамаға сыйып отыр. Бұл орайда білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша нақты жобалар ұсынылды. Мен аудандық Жастар ресурстық орталығының маманы әрі жастар тәрбиесіне жауапты азамат ретінде, Мемлекет басшысының: «Жас ұрпақтың сыни тұрғыда ойлай білуі маңызды» деген сөзі дер уағында айтылған деп есептеймін. «Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз керек», – деді Президент.

Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуы қажет деп санаймын. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жастар ақпаратты қорыта біледі, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет. Бұл ұстанымды толық қолдаймын. Ақпарат тасқыны заманында жастарымыз рухани тұрғыдан бай, қаржылық және ақпарат жағынан сауатты болуы ләзім. Мемлекет басшысы бастаған реформалардың үш басты бағанын хәм өзегі осылар екені айқындалды. Расында, бұл үш стратегиялық басты тармақ бір-бірімен үйлесімділікте, бірі-бірінен ажырамай жүзеге асырылатынын осы жолғы құрылтайда айқын аңғардық.

Р.Совет,
аудандық Жастар ресурстық орталығының бас маманы.

Құрметті журналистер қауымы!

Қадірлі газет ұжымы!

Сіздергі мерейлі мерекелеріңіз – аудандық «Aqtoğai ajary» газетінің жарыққа шыққанына 85 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

«Aqtoğai ajary» газеті – өзіндік өрелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымы.

Өткен ғасырда «Қызыл ту» атты шағын газетінен бастау алған басылымы осынау жылдар ішінде қызығы мен қиындығы мол үлкен жолдан өтті. Газет «Арқа еңбеккері», «Тлоқырауын тынысы» болып шыққан әр жылдарда ақтоғайлықтардың ел ырысын малайту жолындағы ерен еңбегін насихаттап, көпшілік оқырманға жеткізіп отырды.

Тлоқырағы құнарлы Ақтоғай өңірінде ұлттың ұстыны болған талай тұңғаның туғаны мәлім. Соның ішінде аймақ әдебиетінің мақтаншына айналған бірқатар сөз зергерлерінің өзіміздің газетінің ұстаханасынан шыққанын атап өткен ләзім. Газет ұжымы қоғамның сан алуан тұйыткіліне терең үңіліп, бұқараның әлеуметтік мәселелері жөнінде қалам тербеп келеді. Басылым беттерінде өңіріміздің деректі шежіресін жасаған қаламгер қауымының зор еңбегі мен қолтаңбасы бар. Әр жылдары ұжымда қызмет еткен қаламгерлердің алдыңғы леги қалыптастырған игі дәстүрді кейінгі толқын заман талабына сай, лайықты жалғастырып келеді. Осы ретте газет ардагерлері мен журналистерді келіп жеткен мерейтоймен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық және шығармашылық табыс тілейміз. Еліміздің өркендеуі жолында қаламдарыңыз мұқалмай қызмет ете беріңіздер!

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
төрағасы Р.Әбеуов

Аудан әкімдігінде

Зиянкестермен күрес – күрделі мәселе

Өткен бейсенбіде аудан әкімінің орынбасары С.Амралиннің төрағалығымен «Ауыл шаруашылығы дақылдарының шегіртке тектес зиянкестері мен карантиндік объектілерге қарсы күрес» жөніндегі аудандық штабтың отырысы өткізілді.

Отырысқа «ҚР АШМ АӨК МИК Қарағанды ОАИ» ММ-нің басшысы Ж.Ешмуханов, ОАИ өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы бөлімінің басшысы А.Сәкімбай және ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы РММ Қарағанды облыстық филиалы басшысы Қ.Мұхаметжанов, бөлім, мекеме басшылары, кент, ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Штаб жұмысында атқарылған жұмыстар және алдағы жылғы жоспар бойынша ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жаңабегенов, «ҚР АШМ АӨК МИК Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-нің басшысы м.а. Ж.Түлегенова және ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы РММ Ақтоғай аудандық орталығының

директоры Қ.Мұнайтасов ақпар берді. маусымның 19-23-і күндері аса қауіпті өсімдік зиянкестері шегірткелерге қарсы 2000 гектар жерге химиялық өңдеулер («Карат Супер» инсектицидмен Кежек ауылдық округінде аса жеңіл ұшақпен және Қызыларай ауылдық округінде жер үсті бүріккіштерімен) жүргізілген.

Карантиндік арамшөп жатаған қызғылт уекіреге қарсы жұмыстар маусымның 17-18-і күндері Абай ауылдық округінде 0,001 га және Жидебай ауылдық округінде 0,500 га аумақтарға химиялық өңдеулер жасалған. Сонымен қатар, 2 гектарға «Думан» шаруа қожалығы «Ланс» в.р. препаратымен, облыстық маңызы бар жол бойына 1 шілде күні «Берер» ЖШС «Смерч» в.р. гербицидмен химиялық өңдеу жүргізді.

Жиынды қорытындылаған штаб төрағасы С.Амралин 2024 жылға химиялық өңдеулер жүргізілетін аумақтарды анықтап, дал зиянкестерінің табиғи көбею қаупі байқалғандықтан, өңдеу жүргізетін аумақтарды саралап, ауылдық округтерде мониторинг жүргізілу керектігін тиісті сала басшыларына тапсырды.

Думан Бақышев.

Аудан әкімі Р.Кенжебековтің 2023 жылдың III тоқсанындағы тұрғындармен кездесулер өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ атауы	Кездесу өтетін елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты мен орны (III тоқсан)			Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округі	Ақжайдақ станциясы	15.08.2023 ж.	Вокзал залы	11.00	
2	Шашубай кенті	Шашубай кенті	15.08.2023 ж.	Клуб үйі	16.00	
3	Тораңғалық ауылдық округі	Тораңғалық елді мекені	16.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
4	Тасарал ауылдық округі	Тасарал елді мекені	16.08.2023 ж.	Клуб үйі	16.00	
5	Сарышаған кенті	Сарышаған кенті	17.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
6	Айыртас ауылдық округі	Айыртас елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі	10.00	
7	Қусак ауылдық округі	Қошқар елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі	14.00	
8	Абай ауылдық округі	Абай елді мекені	18.08.2023 ж.	Клуб үйі	16.00	
9	Қарабұлақ ауылдық округі	Дуанши елді мекені	18.08.2023 ж.	Елді мекен	18.00	
10	Нүркен ауылдық округі	Аксенгір елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен	10.00	
11	Нүркен ауылдық округі	Жидебай елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен	14.00	
12	Сарытерек ауылдық округі	Ақтұмсық елді мекені	22.08.2023 ж.	Елді мекен	17.00	
13	Кежек ауылдық округі	Ақши елді мекені	23.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
14	Жидебай ауылдық округі	Қарақой елді мекені	23.08.2023 ж.	Елді мекен	15.00	
15	Шабанбай би ауылдық округі	Сона елді мекені	24.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
16	Қызыларай ауылдық округі	Қызыларай елді мекені	24.08.2023 ж.	Клуб үйі	15.00	
17	Қараменде би ауылдық округі	Ақтас елді мекені	25.08.2023 ж.	Клуб үйі	10.00	
18	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауылы	25.08.2023 ж.	Мәдениет үйі	15.00	

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің 2023 жылдың III тоқсаны бойынша тұрғындармен тұрақты есеп беру кездесулерін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Елді мекеннің атауы	Өтетін уақыты, орны			Ескерту
1	Ортадересін ауылдық округінің әкімі Крқруов Сейткали Бейсембаевич	Ақжайдақ станциясы	10.08.2023 ж.	Вокзал залы	11.00	
2	Шашубай кентінің әкімі Мангишев Нариман Джанатович	Шашубай кенті	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
3	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
4	Тасарал ауылдық округінің әкімі Балтышев Ерик Таткенович	Тасарал елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
5	Сарышаған кентінің әкімі Тоимбеков Ануар Сулейманович	Сарышаған кенті	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
6	Айыртас ауылдық округі әкімі Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
7	Қусак ауылдық округі әкімі Мұқатай Дархан Серікұлы	Қошқар елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
8	Абай ауылдық округі әкімі Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Абай елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
9	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі Имангазин Аскар	Дуанши елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
10	Нүркен ауылдық округінің әкімі Құдайбергенов Жантемір Есбергеноұлы	Аксенгір елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
11	Нүркен ауылдық округінің әкімі Құдайбергенов Жантемір Есбергеноұлы	Жидебай елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	15.00	
12	Сарытерек ауылдық округінің әкімі Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Ақтұмсық елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
13	Кежек ауылдық округінің әкімі Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Ақши елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
14	Жидебай ауылдық округі әкімінің м.а. Токтыбаев Айбек Шынарбекович	Қарақой елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
15	Қараменде би ауылдық округі әкімі Азилов Қайрат Азирулы	Ақтас елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
16	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі Мурасов Аскар Какимович	Сона елді мекені	10.08.2023 ж.	Елді мекен	11.00	
17	Қызыларай ауылдық округінің әкімі Спанов Серікбол Армияұлы	Қызыларай елді мекені	10.08.2023 ж.	Клуб үйі	11.00	
18	Ақтоғай ауылының әкімі Болғанбаев Қайыр Нығметоллаұлы	Ақтоғай ауылы	10.08.2023 ж.	Мәдениет үйі	11.00	

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес тұрғындар тарапынан ұсыныстар, ескертпелер мен пікірлер қалдыруға арналған төмендегі белгіленген жерлерде тиісті жәшіктер орнатылған:

- | | | |
|---|---|---|
| 1. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ғимараты | 14. Сона елді мекені | ғимараты |
| 2. Ақтоғай ауылы әкімі аппаратының ғимараты | 15. Жидебай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 28. Жетімшоқы елді мекені |
| 3. Қусак ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 16. Үшарал елді мекенінің мектеп ғимараты | 29. Ақтұмсық елді мекені |
| 4. Айыртас ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 17. Қарақой елді мекенінің мектеп ғимараты | 30. Кеңелі елді мекені |
| 5. Абай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 18. Жалаңаш елді мекенінің мектеп ғимараты | 31. Шашубай кенті әкімі аппаратының ғимараты |
| 6. Ақшкөл елді мекенінің мектеп ғимараты | 19. Кежек ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 32. Ортадересін ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты |
| 7. Қарабұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 20. Қараменде би ауылдық округінің мәдениет үйі | 33. Ортадересін станциясы «Теміржол вокзалы» ғимараты |
| 8. Қарасу елді мекені | 21. Қуаныш елді мекенінің мектеп ғимараты | 34. Ақжайдақ елді мекені «Теміржол вокзалы» ғимараты |
| 9. Дуанши елді мекені | 22. Нүркен ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 35. Тораңғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты |
| 10. Қызыларай ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 23. Қаратал елді мекенінің мектеп ғимараты | 36. Тасарал ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты |
| 11. Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты | 24. Жалаңтөс елді мекенінің мектеп ғимараты | 37. Сарышаған кенті әкімі аппаратының ғимараты |
| 12. Қасабай елді мекені | 25. Жидебай елді мекені | |
| 13. Бегазы елді мекені | 26. Аксенгір елді мекені | |
| | 27. Сарытерек ауылдық округі әкімі аппаратының | Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты. |

Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы

Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша тоғызыншы орында тұр. Соның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптарының аумағы 81%-ға жақын. Бұл – қазіргі нарықтық кезеңде еліміздің экономикасына зор үлесін қосатын аграрлық сектордағы үлкен әлеует деген сөз. Тек осы мүмкіндікті барынша тиімді пайдалану үшін оған үнемі бақылау жүргізіп отыру керек. Дәл осындай бағыт-бағдарды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында атап өтті. Ел дамуына бағытталған жаңа міндеттерді айқындаған Мемлекет басшысы экономикалық дамуы мен оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудағы негізгі табыс кілті – ұлттық экономиканы әртараптандыруға баса назар аударды. Саяси құжатта

«Көкейкесті мәселенің бірі – жер және оны тиімді пайдалануға қатысты. Бұл бағытта менің ұстанымым бекем. Жерді игері алатын адам ғана оның иесі болуға лайық».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінгі таңда шаруа қожалықтарының иелігінде 20 млн гектар жер бар. Елді мекендерге тиесілі жер көлемі 34 млн гектарды құрайды. Өнеркәсіп, көлік, қорғаныс, ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер 22 мың гектар болса, ерекше қорғалатын сауықтыру, рекреация және тарихи мақсаттағы жерлер – 112 гектар. Сондай-ақ, 66635 гектар аумақ орман қоры, 8339 гектар су қоры жеріне тиесілі.

Қазіргі уақытта мал басына шақ-

айына 24 жер теліміне конкурс өткізу жоспарлануда.

Сарышаған кентінен жанар-жағармай бекеті үшін 2 гектар жер және Сарышаған кентінен өндіріс базасы үшін 3 гектар жерге аукцион өткізіліп, жеңімпаздары анықталды.

Ақтоғай ауданы жер ресурстары саласы бойынша жыл ішінде атқарылған жұмыстарды тілге тиек етсек, үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға

игерілген жерлерді анықтап, оны алып қою мақсатымен ғарыштан мониторинг жасау заңнамалық тұрғыдан бекітілді. Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде Президенттің: «Қазір мал жаю үшін 29 миллион гектар жер қажет. Соған қарамастан шаруа қожалықтары 33 миллион гектар жерді пайдаланбай отыр. Ауылдық округтердің 80 пайызында жайылымдық жер тапшы» – дегені бар. Расында, пайдаланылмай жатқан бос жер көп.

Бүгінде ел көлемінде ағымдағы жылдың басынан бері игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтарып, жайылымды арттыру мақсатында жергілікті өкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыстар атқарылууда.

Бүгінгі күні Президент тапсырмасына орай ғарыштық мониторинг және

Жерді мақсатты пайдалану маңызды

әртараптандырудың басты бір сегменті ретінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту екені айтылды. Яғни, аталған салада өнімділікті арттыру, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті іске асыру. Ел басшысы алға қойған міндеттерді іске асырудағы аграрлық-индустриялық әртараптандыру арқылы ауылшаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар мен жаңа технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығында заман талабына сәйкес, сапалы өнім өндіруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, сонымен қатар әлемдік тәжірибені кеңінен пайдалану – бүгінде еліміз өздігінен шеше алатын істер. Бұл ретте, әрине, ауыл шаруашылығында негізгі өндіріс құралы болып саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану, аталған міндеттерді іске асыруда аса маңызды рөл атқаратыны белгілі. Ашық нарықтық экономика жағдайында және әлемдік азық-түлік рыногында орын алып отырған үлкен бәсекелестікте ауыл шаруашылығы өндірісінде жетістіктерге жету үшін де жерді тиімді пайдалану басты шарт болып табылады.

Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі мемлекеттік мекемесінің қызметі, жылдық перспективалық және тоқсандық жоспарлық жұмыстарға сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын және Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, жоғары тұрған органның актілерін орындаудың негізгі бөлімнің ұйымдастыру шаралары болып табылып, негізгі міндеті, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы аумағында жер қатынастарын реттеу арқылы біртұтас мемлекеттік саясатты жүргізу.

Жалпы ауданымызға тиесілі 52 млн гектар жер болса, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі – 41 млн гектар. Тарқатып айтар болсақ, 40 млн гектары – мал жайылымдары. 40 мың гектар шабындық жерлер, 11 745 гектар егістік жерлер болса, 2614 гектар аңыздар және 2289 гектар суармалы жерлер. Сонымен қатар, 74070 гектар түбірінен жақсартылған жерлер.



қандағы жүктеме бойынша қажетті жайылым тапшылығы 67209 гектарды құрайды. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 137220 гектар болған.

Осыған орай жерлерін нысаналы мақсатында пайдаланбай отырғандар бойынша нақтылау жүргізіп, нәтижесінде кері қайтарылған жерлер аудандық жер қорына қайтарылып, жергілікті қоғамдастықтар мен ауылдық округ әкімдерінің сұраныстары бойынша жеке қосалқы шаруашылықтар үшін елді мекендерге берілетін болады.

Жеке және заңды тұлғаларға жер телімдерін беру жөніндегі комиссияның 6 отырысы өткізілді, 143 өтініш қаралды.

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша 4 шілде 2023 жылы 26 339 гектар, яғни 15 жер телімі бойынша конкурстық комиссияның отырысы өткізілді. Комиссияда 26 өтініш қаралды.

2023 жылы ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға енгізу мақсатында 4 конкурс өткізу (жоспар 80 мың гектар), коммерциялық мақсатта жер беру үшін Шашубай кентінен 4 жерге дүкендер мен сауда алаңдары үшін аукцион өткізу (жалпы 0,034 гектар) жоспарланған. 04.07.2023 жылы 15 жер теліміне конкурс өткізілді. Келесі тамыз

қосу мақсатында 6 мәрте жер конкурсы өткізілді. 150000 гектар ауыл шаруашылығы жерлері пайдаланушыларына берілді. Ауыл шаруашылығы нысандарының құрамына жанадан 87 шаруа қожалықтары, 1 ЖШС қосылды.

Коммерциялық жерлерге тұрғындардың өтінімдері бойынша 1 аукцион ұйымдастырылды. 3 жеке тұлғаға, 1 заңды тұлғаға, барлығы 2,4144 гектар жер телімі берілді. Өндірістік базаға қызмет көрсету мақсатында Сарышаған кентінде балалар ойын-сауық алаңын салу үшін 0,0084 га, Шашубай кентінде сауда павильондарын салу үшін 0,0400 га және 0,0060 га жер берілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Парламент Палаталарының бірлескен отырысында жариялаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында жайылымдық жерді тиімді пайдалану өте маңызды екендігін ескертті және пайдаланбай жатқан жайылым жерге қатысты шара қолдануды тапсырды.

«Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселесі өте өзекті болып отыр. Жерге салынатын тікелей салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті. Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр. Елімізде «шөп қорыған иттің» кебін киген «латифундистер» көбейіп кетті. Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс» – деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы бір сөзінде.

Рас, бұл салада алға жылжу бар. Ең алдымен игерілмеген және тиімсіз

қашықтан зондау жұмысы қайтадан жолға қойылды. «Ғарыштық мониторинг», «Жер инспекторы» бағдарламалары арқылы құзырлы органдармен бірлескен қадағалау, анықтау жұмыстары жүргізіліп, шаралар қолдануға ұсыныс жасалуда.

Аудан әкімінің өкімімен пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін анықтау мақсатында жұмысшы тобы құрылып, жеке және заңды тұлғаларға жер телімдерін беру және ауыл шаруашылығы жерлерін жалға беру жөніндегі жер комиссиясының құрамы бекітілген. Елді мекендер аумағында жетіспейтін жайылымдық мәселесін шешу мақсатында аудан әкімінің қаулысымен елді мекендерге 70900 гектар қосымша жайылымдар тұрғындарға өтеусіз беріліп отыр. Оған қосымша шаруашылықтар мен меморандум арқылы келісім-шарт бойынша 23000 гектар жайылымдар берілді.

2023 жылғы ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатты пайдалану жөніндегі мониторингтің қорытындысы бойынша 123702 гектар жер тиімсіз пайдаланылып жатқаны анықталды.

Бүгінгі таңда арнайы жұмысшы топ аталған жер учаскелерінің нысаналы мақсатында пайдаланбауы немесе мүлдем пайдаланбауын анықтау актілері жасалуда. Құзырлы органдарға осы нысандар бойынша белгіленген алгоритмге сәйкес, шара қолдану үшін жолданатын болады.

Аудан бойынша ағымдағы жылы 200 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жоспарланған.

Жалпы, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану тиімділігін арттыру – бөлім қызметінің негізгі міндеттерінің бірі. Біз осы бағытта аудандық, ауылдық округ әкімдіктерімен бірлесіп, белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мақсат – шаруа қожалықтарының иелерін жерлерді ұтымды пайдалануға ынталандыру және олардың тұрып қалуына жол бермеу.

М.Кәрібай,
ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы.

Тарихпенен тілдестің,

«AQTOĞAI AJARY» — оқырманның руханият шырақшысы

Құрметті әріптестер және мекеме ардагерлері!

Сіздерді аудан айнасы «AQTOĞAI AJARY» газетінің 85 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздер қазіргі дәуірдің жылнамашысы ретінде барлық саланың дамуына, туған өлкені сүйіп, құрметтеуге, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, біздің қоғамдағы адамгершілік бастауларды нық қалыптастыруға елеулі үлес қосып келесіздер. «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» екенін ескерсек, тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуы жолында әрдайым еліміздегі игі істердің, бастамалардың басында қаламы қарымды журналист қауымы табыла-тынына сенімдімін.

Осы жылдар ішінде «AQTOĞAI AJARY» газетінің ұжымы сындарлы саясатты жұртшылыққа кеңінен насихаттап, тәуелсіз еліміздің тұғырын көтеру, қоғамдағы түрлі оқиғалар мен жарқын жаңалықтарды аудан тұрғындарына жеткізу бағытында еселі еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде мерейтой аясында биыл облыс әкімінің БАҚ қызметкерлеріне арнайы тағайындаған «Алтын сұңқар» сыйлығын табыстауы. Үлкен сыйдың артында зор сенім, мол нәтижелі істер күтілетіні сөзсіз. Иә, құрметті әріптестер, осы жылдар ішінде сіздердің мамандыққа адалдықтарыңыздың арқасында біздің газет ұжымы ешқашан тұғырынан тайған емес. Әлі де болса, шығармашылықтың құзар шыңына шығамыз деп зор сеніммен айта аламын, үміт артамын.

Мерейлі мерекеде сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік, шығармашылық табыс тілеймін.

Құрметпен: «AQTOĞAI AJARY» газетінің құрылтайшысы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, «Ақпарат саласының үздігі» Гүлнар Метайқызы.



Думан Қабылға

Бір қолында – шаруашылық жұмысы,
Бір қолында – қасиетті қаламы.
Желдей жүйткіп оның жүрген жүрісі,
Барлық іске арнап уақыт табады.

Әлбетте, журналистика әлеміне алғаш қадам басқан кез келген шығармашылық адамының көз үйретіп, сол әлемді тануы журналистер қауымының айтқанындай, аудандық газеттегі қадамынан басталады. Яғни, аудандық басылым қаламгерлік ортаға бағын сынауға келген шығармашыл жандардың төлім алар ұстаханасы.

Бір ғасырға жуық алғаш «Қызыл ту» атауын иемденіп, әр кезеңге сай «Арқа еңбеккері», «Тоқырауын тынысы» болып, миллиондаған оқырмандарының

басылымымыздың оқырманына қалтқысыз қызмет етуі үшін атсалыстық. Қасым, Үмітай, Бағдат ағалар газет мақалаларының тақырыбын қоюға келгенде қиыстырып, мақаланың мазмұнын ашып жіберудің шебері болса, Рымбек ағамыз маусымдық кезеңдерде жедел мақалаларды жазуда алдына жан салмайтын. Амантай ағамыз бен Надя газет макетінің майталмандары-тын. Газетіміздің материалдары да оқырман көңілінен шығып, әр салаға арналған тәжірибелік

секілді есімдері елге танымал қаламгерлер шоғырының да шоқтығы биік болды.

Мен сол алғашқы өндірістік тәжірибе-ден соң да газетте жыл сайынғы жазғы каникулымда еңбек етіп жүрдім. Жоғары курстарда Павлодар, Жезқазған, Қарағанды, Алматы облыстық және сол кездегі «Лениншіл жас» газеттерінде практикада болсам да, мен үшін сүйікті газетім алғашқы мектебім және ыстық ұям болып қалды.

Газетіміздің қаламгерлерінен бөлек

Журналистің алғашқы ұстаханасы

ыстық ықыласымен 85 жыл бойы бірге жасап келе жатқан бүгінгі «Ақтоғай ажарының» мерейтойы баршаның тойы екені әмбеге аян. Ойы терең, талғамы мен талабы биік қалың бұқараның көңілінен шығып, жүрегіне жақын мазмұнды, мағыналы шығармалар ұсыну әр журналистің, басылымның иығына зор салмақ екенін жалпақ жұрт біле бермеуі мүмкін.

Сол ұстаханаға алғаш жүрексіне аяқ басып, журналистер мектебінің әліппесінен шығармашыл ортаның қайнаған қазанында пісіп-жетілген қаламгердің бірі болдым. 1978 жылдың жазында Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің I курсына бітіріп, оқу орнының ұйғарымына сай, "Арқа еңбеккері" газетіне алғашқы өндірістік тәжірибеден өтуге келдім. Газеттің сол кездегі шығармашыл коллективі атына заты сай, қаламдары жүйрік, бірінен-бірі өткен нағыз өз ісінің майталмандары деуге тұрарлық орта еді. Редактор Қасжан Ағеділов басқарып отырған басылымда Алаштың дара туған ақыны Серік Ақсұңқарұлы, Ақтоғай елі өзі биіктетіп «Ақтоғайдың Мұқағалиы» атап кеткен Үмітай Жармағанбетов, Амантай Есмағанбетов, Рымбек Мәмбетов, Надя Ақбаева қызмет етті. Қатарларына келген мені жас демеді, білгендерін үйретіп, жазған әр мақалама ой қосып, ақыл-кеңестерімен газет ісіне баули білді.

Газетімізге бұдан кейінгі әр жылдарда Қасым Орынбетов, марқұм болған Шыныбек Смағұлов, Махмұт Жарылғап, Бағдат Омашев, Қараман Айтжанов, Зада Жұматовалар келіп, бәріміз бір кісідей жұмыла сүйікті

бет-плакаттар шығарылып отырды. Әдебиет, мәдениет, өнер тақырыптары да аса қызғылықты, тартымдылығымен газет беделін биіктетті. Сын мақалалар кем-шілікті түзеуде ықпалы айрықша еді. Газетіміз аудан Жезқазған облысына қараған жылдарда облыс бойынша ең алдыңғы қатардағы басылым аталып, басқа аудандық газеттердің көш басында тұрды. Тағы бір атап айтар жайт, «Арқа еңбеккері» газетінің жанынан тұңғыш рет «Жас тілшілер» мектебі ұйымдастырылып, газеттің еңбекшілер хаттары бөлімін басқарып отырған менің олармен тікелей жұмыс жасауыма тура келді. Сол кездегі Сарытерек орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, жоғары санатты ұстаз, марқұм Несіпбек Әмеуов ағамыз оқушыларын алып келіп, редакцияның қаламгерлер қауымымен кездестіріп, ақыл-кеңестерін тыңдап, газет шығару тәжірибесімен жақын танысып, үнемі байланыс жасап тұрды. Ал, кеңшар, бөлімшелердегі сала мамандары, кітапхана, клубтардағы, аудан басындағы салалық үлкен мекемелердегі газетіміздің тұрақты штаттан тыс тілшілері бір сәт те басылымнан қол үзбей, оқырмандарын өңіріміндегі жаналықтармен қауыштыруда елеулі еңбек етті. Газеттің жалғыз фототілшісі Мәделхан Кәдірбеков ағамыздың түсірген бүкіл фотосуреттері ажарын келтіріп тұратын.

Осы аға-апаларымыз қалыптастырған газетіміздің өзіндік мектебінде кейінде Серғазы Мұқтарбеков пен Мәрия Мынбаева, Серік Сағынтай, Жарас Әзімбаев, Еркін Әкімбаев, Бекзат Алтынбеков, Мүсіркеп Әлімжанов, Бағдат Мүбәрак, Қазыбек Ештаңай, Нұрдос Кәрім, Манаргүл Мүтәліп

баспаханада еңбек еткен баспагерлердің де еңбектері ерен еді. Мина Кәдірбаева, Әния Нүргелдина апаларымыз мен келген уақытта зейнеткерлікте болса да, мекемеге соғып, уақыт бөліп келіп жүретін. Рая Шахина, Бақыт Бәкірова, Қарлыға Жұмбаева, Аманкүл Ысқақова, Мағираш Шаймерденова, Дәния Тәжібаева, Өміртай Спанбетов, Боранкүл Қабыдкәрімов, Сымбат Кеңжеғарина кәнігі баспахана шеберлері болатын. Кейінде Жамал Мұқашбекова, Алмагүл Нөкербекова, Фарида Кеңжеғарина, Зәмзәгүл Аюпова да газет шығару ісін ұршықтай үйірген мамандар болды. Ең алғаш лентотип машинасында әріп теруді оқып келген Күләш Қожабаева кейінде газеттің нағыз білікті корректоры болып еңбек етсе, есепші Айша Оспанова төтеміз бірде-бір саннан жаңылмайтын.

Әрине, айтар естеліктер жеткілікті, қозғай берсек таусылмайды. Алайда, газет ауқымы оның бәрін көтермейді. Амандық болса, айтылар күндер табылар. Естелігімнің соңында келіп жеткен газетіміздің мерейтойында өзім әріптес болған, газетті шығарған күндерде уақытпен санаспай, күн-түн демей тізе қосып еңбек еткен ардагер аға-апаларым, қатарластарым, кейінгі толқын ізбасарларымыз осынау торкалы тойларымен құттықтаймын. Оқырманының жан-дүниесін байытып, рухани нәр беріп келе жатқан газетіміздің мерейі әрдайым үстем болып, биіктерден көріңе берсін. Жазары көп болсын, еліміздің, ауылымыздың даңқын шығара берсін!

Сәбила Нұржанова, зейнеткер журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

«Қызыл ту» №34 (1572) 5 май 1962 ж.

М е н т і л ш і м і н

Тілші—өнер ұстасы,
Тілші—халық достасы.
Абырой, даңқ, мақтаныш,
Тілші—ерлік нұсқасы.

Тарихта талай із қалды,
Тілші тартқан қаламнан.
Шындық өмір бейнесін,
Түсірген ол сан алуан.

Екпінді, озат, жаңашыл,
Көрікті ойдың арқауы.
Халқына қайрат нессі,
Үлгі етіп тартары.

Қаламы семсер, ойы өрт,
Тілші—сыншы түзейтін,
Өтірік-өсек, мақтанды,
Сышырып бойдан күзейтін.

Кемшілікті жұмыста,
Тілші бұрын көреді.
Халық айнасы газеттен,
Түзетуге орын береді.

Тілші адал халқына,
Халқы да оны сүйеді.
Тілшілік, өнер, мақтанам,
Мені халқым біледі.

С. ӘБДІРАЗАҚОВ,
«Қызыл ту» газетінің тілшісі.



Әлия Ибраеваға

Өзгермейтін қысы-жазы, күз-көктем,
Әзілімен түйреп өтер «тыз» еткен.
Бұл Әлекең шын кірісіп бір күні,
«Егеменнің» қателерін түзеткен.

Уақытпен үндестің!

«Арқа еңбеккері» №29 (4193) 1979 жыл 8 март



Өмірде шынайы мақсаткерлікпен еңбек ететін, қажыр қайратын, білімін игілікті іске қалтқысыз арнайтын, содан қуанышпен бақыт табатын адамдар болады. Мұндай тамаша қасиет әсіресе жас ұрпақтардың тәрбиешісі—ұстаздарға тән болғаны қандай ғанибет десеңізші.

Сондай тынымсыз да, ізденімпаз ұстаздардың бірі —М. Горький атындағы қазақ орта мектебінің мұғалімі Лиза Төлеубаева.

Жас ұстаз өзінің жаны ұнатқан ісіне бел сене кірісіп, шамалы уақыттар ішінде мето-

дикалық шеберлігін толық меңгере білді. Тәжірибелі ұстаз өз класының оқу-тәрбие жұмыстарының жоғары дәрежеде екендігіне қарамастан, басқа кластардағы жастар тәрбиесіне қол-қолтық араласып келеді.

Біз бүгінгі мереке күні тәжірибелі ұстаз Л. Төлеубаеваға коммунизмнің болашақ құрылыстарын тәрбиелеуде зор табысқа жете беріңіз деп игі-тілегімізді білдіреміз:

Суретте: Л. ТӨЛЕУБАЕВА.

Құрметті Гүлнар Метайқызы!

Құрметті «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінің ұжымы!

Сіздерді «Ақтоғай ажары» газетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгінде аудандық газеттер өздерінің ақпараттық кеңістігінде халық айнасына айналып, көкейкесті жайттарға билік пен жұртшылық назарын аударуға қызмет етіп келеді. Аудандық газет шежірелі Ақтоғай өңірінің өсіп-өркендеп, дамуы жолында жеткен жетістіктері жайлы халықты мазмұнды ақпаратпен қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келесіздер. Қоғамдық-саяси, ақпараттық бағыт алған аудандық басылымдарда бүгінде өз ісіне берілген қоғамшыл журналистер, мамандар қызмет етеді. Жалпы, біздің журналистика саласының басты міндеті – халықты ақпаратпен қамтамасыз етіп, қоғамдық пікір қалыптастыру. «Ақтоғай ажары» газетінің 85 жылдық мерейтойы құтты болсын, аудан өміріне үлес қосып, өз заманының, өз дәуірінің жаршысы бола білген ұжымдарыңызға шығармашылығын шыңдап, оқырман жүрегіне жол таба беретініне бек сенімдіміз. Сіздерге шығармашылық табыс, отбастарыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз. Мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер!

Шет аудандық «Shet shugylasy» газетінің ұжымы атынан: директор-редактор Мейрам Дәулетбекұлы Садуақасов.



Еркебулан Айтжанға

Көзі ойнақшып, күлімдеп,
Аша бермес сырын көп.
Әрі-бері шапқылап,
Отырмайтын жүгірмек



Жәмші ауылының 20 жылдық тойындағы мүшәйрада бас жүлде иегері атанған Аманкелді Советұлы (1993 жыл).



Жаңғыру жазудан басталады

Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деп атап өткен болатын. Елбасының бұл мақаласы жұрттың көптен күткен нәрсесі еді. Сол үшін де аса маңызды құжат ретінде қабылданып, талқыға түсіп отыр.

Мақаладағы көтерілген тақырыптар мен егемен еліміздің дамуын, халқымыздың әл-ауқатын арттыруын көздеген мәселелердің бәрі ұлтымыздың кемел келешегі үшін өте маңызды. Соның бірі – 2025 жылы латын қарпіне көшуді де ерекше айтуға болады. Бұл мәселе осыдан он бес жыл бұрын да қозғалған түйінді түйткіл еді. Бірақ ол кезде экономикалық ауыртпалықтарға байланысты, көшін енді түзеп келе жатқан еліміз үшін асығыстау болатын. Енді міне, дамудың сара жолына түсіп, сол мәселеге дер кезінде қайта оралып отырмыз. Иә, уақыт жылдам. Алдымыздағы санаулы жылдар ішінде осы құжат, мақаладағы көрсетілген рухани құндылықтарымызды жүзеге асыру күтіп тұр. Ұлт зиялылары бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұйымшылдықпен іске асырады деген ойдамыз.

М.Төлеубеков,
Ортадересін ауылының тұрғыны

«Тоқырауын тынысы» №43 (7621) 2017 жыл 20 қазан

Мен аудандық газеттің баласымын..

Ауданда да адам көп дара-дара,
Қияли да кикүлар бара-бара.
Ақжарықта жүріп-ақ адамзат деп,
Қақсай берді қайтпас бір кара бала.
Қара бала қай жақтан сыр шертеді?
Тілші екені белгісіз, жыршы екені.
– Ақтоғайдың Чилиде несі бар деп,
Біреу айтса Сымекен мырс етеді.
Менде де бар бір бастық ақылы қат,
Содан жүрем күн сайын тақырып ап:
– Сен Чилиді қой-дағы, айналайын,
Күйекті жаз! – дейді әлгі шақырып ап.
Сымекеннің онымен болмайды ісі,
Ел оқысын газетті, сол – қайғысы.
Есіл-дерті күйек қой дейтін күліп,
Махаббатты қайтеді ондай кісі?!.
Тілшілікке мөз болмай мансап

кылып,
Музам алып қашады сан-сакка ұрып.
Ләйлә аруға ғашық боп жазған
жырым,
Бастығымның миына қан шаптырып.
Ашуланды бастығым бара-бара:
– Алды-артына қарайлап, қарама да,
Алматыға кет! – дейді ақын болсаң!
...Абдырайды сол кезде кара бала.
Осы жүріс, құдай-ау, не тірлігім?
Өртеніп-ақ барады бетім бүгін.
Алматыға жетпесем
Ақтоғайда
Ақын бола алмайтын секілдімін.
Бастығымнан жүргенде тақырып ап,
Ләйлә алыстан әуре етті шақырып-ақ.
– Сен қой-дағы ботанды боздай
бермей,
Шопанды жаз! – дейді әлгі шақырып ап.

Өзім – ақын болғанда, өзім – өлең,
Алашымның ағысын сезіне өлем.
Адам көрдім осындай адамзатқа
Қарай-тұғын ауданның көзіменен!
Көз алдыма сол газет көлендеді,
Қайда оның парағы көнергелі.
Бірінші бет – күйектен түскен хабар,
Соңғы беті – махаббат өлендері.
Шақырып ап ауданға айдаладан,
Қолға қалам ұстатқан қайран ағам.
Адамзат пен ауданды қоса-тұғын
Сымекен жоқ, қаңғырып қайда
барам?!

Аман ба екен сондағы ел өзіме ерен?
Содан Алаш ағынын сезіне өлем.
...Әлі де онда бір пенде адамзатқа
Қарай ма екен ауданның көзіменен?!
Қайда, шіркін, сондағы жас күніміз,
Миллиардтар ағылған тасқынымыз?
Бастық болып алды ма, құдай қолдап,
Бас мақала жазатын бастығымыз?!
Ойран тау мен Шатырша арасының,
Асуында қаншама аласұрдым.
Ғафу ағам ақын деп айтқанменен,
Мен аудандық газеттің баласымын.

Серік Ақсұңқарұлы,
«Тоқырауын тынысы» №36 (6647)
9 қыркүйек 1998 жыл.

Құрметті Гүлнар Метайқызы, қадірлі әріптестер!

Сіздерді Ақтоғай аудандық «Ақтоғай ажары» газетінің 85 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Ауданның тыныс-тіршілігін, әлеуметтік-экономикалық дамуын тілге тінек етуде күретамырға айналған басылымының абыройлы белеске шығуы құтты болсын! Жаңалықтың жаршысына айналған көнекөз басылым, талай жастың қаламын ұштаған ұстаханаға айналған газеттің 85 жылдығы – тарих. Апта сайын ауданда атқарылған игі істерді, тыныс-тіршілігін көркем тілмен кестелеп, белсенді өмір позициясын ұстанып жүрген газет ұжымына шығармашылық табыс, газеттеріңізге ұзақ ғұмыр тілеймін.

“Sarybel. KZ” газетінің директоры-бас редакторы
Т.Аманбаева,
Осакаров ауданы.



Есенгүл Аукішеваға
Күлімдеген күндей нұрлы
жанары,
Әзілдесіп, елдің тілін табады.
Бір мезетте дәмдеп, демдеп
шай берсе,
Бір мезетте шаңды «қағып»
алады.



Ауыл жастары – аламанда

Арқа спортының дамуына облыстық «Сарыарқа» жазғы ауыл спортшыларының дәстүрлі спартакиадасы үлкен үлес қосып келе жатқаны баршаға мәлім. Биылғы дәстүрлі «Сарыарқа-35» жазғы спартакиадасы Қарағанды шаһарында ауыл спортшыларының басын қосып, тартысты бәсеке екі күнге ұласты. Облыс орталығында өткен дүбірлі додаға жеті ауданнан жалпы саны 500-ден астам спортшы қатысты.

Спартакиаданың ашылу салтанатында облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев қатысушыларға жылы лебізін білдірді:

– Бүгін – ауыл мерекесі.

Қарағанды облысында ауыл спорты жоғары деңгейде дамыған. Әр ауданнан әлем, олимпиада және алуан түрлі бәсекелерден топ жарып жүрген спортшылар шықты. Бұл – біз үшін мақтанш. Әрине, бұл жетістіктер – сіз бен біздің ортақ еңбегіміздің жемісі. Халықаралық деңгейдегі спортшылардың бәрі ауылдан қанат қаққаны аян. Спортшыларын қолдап, спартакиадаға алып келген әр аудан басшысына алғысымды айтамын, – деді Темірхан Абылаев.

Қатысушылар спорттың волейбол, шағын футбол, асық ату, бес асық, армрестлинг, кір спорты, президенттік көпсайыс, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, қазақ күресі және үстел теннисі сынды 11 түрінен бақ сынады.

Ақтоғайлық балуан Бекнұр Қолалов қарсыласын шақ келтірген емес. 90 келіде белдесетін спортшы бұған дейін талайдың жауырынын жер иіскеткен.

– Күресте «командалық» деген ұғым жоқ. Бәрі өзіңе байланысты. Ептілігің мен күш-жігерің сыналатын сәт. Былтыр да осы спартакиадада 90 келі салмақта белдесіп, II орынды иеленіп қайтқанмын. Былтыр

күрескен қарсыластарым жоқ. Бәрі бірінші рет қатысып жатыр демесеніз, азды-көпті жетістіктері бар. Бұрыннан белдесіп жүрген балуандар бір-саран. Бабымыз бен бағымыз қатар шауып жатса,

нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Бекнұр. Спортшы «Сарыарқа барысы» өңірлік байқауында да бақ сынаған екен. Алайда, сәттілік жетіспей қалыпты.

Ал, ақтоғайлық Гүлшат Иісбекқызының бес асықпен шұғылданып келе жатқанына алты жылдың жүзі болыпты. Биылғы спартакиадаға

командасымен қатысып, жүлделі орын иеленуді мақсат етіп келіпті.

– Бұл ойынға 7-8-сыныпта оқып жүргенімде қызықтым. Денені шынықтыру пәні мұғалімі Тілеуберген ұстазымыз үйретіп еді. Әр сабағында бізді жаттықтырды. Кейінірек қолымыз қалыптасып қалған шақта мектепшілік, қалалық турнирлерге қатыстыра бастады. Былтыр осы спартакиадаға әкелді. Биыл да дайындықты тыңғылықты жасадық. Былтырғы кемшілікті биыл қайталамаймыз деген ойдамын, – дейді Гүлшат.

Бес асық ойынының да ережесі асық атуға ұқсас. Яғни, әр командада үш қатысушыдан болады. Жеребе

«Бұқаралық спортты дамыту пирамидаға айналуы тиіс. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз».

(Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан).

арқылы қарсыластары анықталып, өзара сайысады. Жеңілген команда жарыс жолынан шығады.

– Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде қазақ халқының ежелгі дәстүрлерімен бірге ұлттық спорт түрлері де жаңғыра бастады. Оларға қазіргі уақытта ерекше назар аударылып отыр. Ұлттық спорт түрлері спорт түрлерінің ішіндегі басымдыққа ие. Олар қазақ халқының рухы мен тарихын көрсетіп қана қоймай, халықаралық аренаға шығуға жол ашып отыр. Тенге алу, аударыспақ, көкпар және аламан бөйге сынды қазақтың ұлттық ойындарын қамтыған бұл спартакиада жыл сайын ауыл жастарының спортқа келуіне зор мүмкіндік туғызуға, – дейді ауданның

дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Кішкентаев жарыс жайында сұрағанымызда.

Дода бар жерде мәре бар. Жарысқа қатысуға өз ықыластарын білдірген командалар әдемі ойын өрнегін көрсетті. Тартысты бәсекеде ауыл жастары спорттық ішаралардың тек жанкүйерлері ғана емес, белсенді қатысушылары бола алатынын іспен дәлелдеді. Сонымен, спартакиада қорытындысы бойынша коман-

далық есепте Абай ауданынан келген спортшылар I орын иеленсе, Шет ауданының командасы II орын, Нұра ауданының командасы III орынға шықты. Ал, бәсі биік бәсекеде командалық есепте есе жіберсе де, аудан намысын қорғаған ақтоғайлық спортшылар жеке-жеке сайыстар бойынша жақсы жетістіктерге қол жеткізді.



Жас балуандар бәсекесі

Спорт – мемлекеттің мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын, халықтың жанкүйерлік рухын көтеретін көрсеткіш.

Сондықтан, елімізде спортты дамытуға айрықша көңіл бөлініп, еліміздің түкпір-түкпірінде әр сала бойынша спорттық жарыстар өткізіліп, халықты салауатты өмір салтына тарту мақсатында түрлі шаралар өткізіліп келеді. Соның бір парасы – Абай облысында қазақ күресінен кіші жасөспірімдер арасында өткен республикалық турнир.

Шілде айының 29-шы жұлдызында Абай облысында қазақ күресінен 2008-2009 жылы туған жасөспірімдер арасында республикалық турнир болып өтті. Сайдың тасындай іріктелген балуандардың басын қосқан байрақты бәсеке Қабанбай ауылының



спорт саласында қызмет еткен ұстаз-жаттықтырушыларды еске түсіруге арналған. Турнирге Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінен жас балуандар қатысып, жүлдегер атанды. Сондай-ақ, спорт шеберлігіне үміткер дәрежесін орындады. Атап өтсек, 50 келі салмақ дәрежесінде Алижар Серікбай, Алдияр Макадан, 55 келіде Диас Такен және 75 келіден жоғары салмақ бойынша Әлішер Бүркітбай сыңға түсіп, аудан намысын қорғады.

Осы тұста Сарышаған кентінде қазақ күресі өркендеп, жеткіншектеріміздің жақсы жетістіктерден көрінуі жастарды ұлттық спортқа баулып жүрген Бертілек Хуанғанның еңбегінің жемісі екенін айтып кетсек артық болмас.

Боксшылардың биік белесі

Еліміздің бас қаласы Астана төрінде өткен жасөспірімдер арасындағы республикалық ашық турнирде ақтоғайлық боксшылар жеңіске жетті.

Шаршы алаңда былғары қолғап шеберлері сыңға түскен аламанға Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды, Семей, Павлодар, Түркістан, Сарыағаш және Ақмола облысынан жалпы 200-ге жуық боксшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Байрақты бәсеке жас таланттарды анықтап, болашақ чемпиондарды дайындауға және боксшылардың өзара тәжірибе алмасып, шеберлік шыңдауына керемет мүмкіндік болды.

Жарысқа Ақтоғай командасы атынан 4 спортшымыз қатысып, бақ сынады. 3 күнге созылған турнир нәтижесі бойынша 48 келі салмақ дәрежесінде Әли Құрманғалиға I орын бұйырды. 60 келі салмақта Ерасыл Боранқұл 2 орын иеленді. 58 келіде Тілек Үмітбек, 40 келі салмақта жұдырықтасқан Ринат Азаматұлы 3 орындарды еншіледі.

Осы тұста елдік мәреде аудан мерейін асырған боксшыларымыздың жарысқа барып қайтуына көмек қолдау көрсеткен Ақтоғай ауылының 1991 және 1998 жылы туған ауыл азаматтарының өңір спортына деген жанашиырлығын ерекше атап отуға болады.

Бетті дайындаған Думан Қабыл

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Мерейтой аясындағы футбол бәсекесі

29-шы шілде күні Сарышаған кентінің 70 жылдық мерейтойына орай футболдан жарыс өткізілді.

Шәкірбек көшесіндегі спорт алаңында ұйымдас-тырылған аяқдоп бәсекесіне «Мыңарал», «Мойынты», «Босаға», «Тасарал», «Шу», «Приозерск», «Приозерск-Искра», «Сарышаған-1» және «Сарышаған-2» командалары қатысып, сынға түсті.

Таңнан кешке дейін тенбіл допты торда тулатып, күнұзақ шаршы алаңда сайысқан командалар әдемі ойын өрнегін көрсетті. Футбол командалары ө

дегеннен-ақ, жарысқа тың дайындықпен келгендерін байқатты. Көз ілеспес жылдамдықпен ала допты ала қашып, қарсыласының қақпасынан саңылау іздеп, айла-әдіспен өз ұпайларын еселеп жатты. Алайда, шеберлігі асқан, айласы мен күші басым деген командалар өз-өзінен іріктеліп шыға берген. Ойынның алғашқы кезеңінде 9 команда іріктеу ойындарына қатысып, бабы мен бағы келіскендер



актық сынға жолдама алды.

Жарысты қорытындылаған кенттің әкімі Ануар Сулейманұлы: – Дамудың даңғыл жолына түскен елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру –

басты мәселе. Әрбір қазақстандық осындай спорттың бұқаралығын насихаттайтын жарыстарға қатысу арқылы өздерінің денсаулықтарын шынықтырулары қажет, – деп кубоктар мен грамота, медальдарды табыстады.

Сөйтіп, жарыс қорытындысы бойынша бірінші орынға «Босаға» командасы (200000

сертификат) көтерілсе, екінші орын «Приозерск» командасына (100000 теңге сертификат) бұйырды. Ал үшінші орынға «Мойынты» командасы (50000 теңге сертификат) ие болды.

Т.Қайранбекова,
Сарышаған кенті әкімі аппаратының бас маманы.

Қазақстан-2050: білім стандарты

Ұлт пен ұлтты теңестіретін – білім

Күннен-күнге өсіп келе жатқан халықаралық бәсекелестік, қоғамда болып жатқан өзгерістердің ауқымы мен қарқынының өсуі білім беру саласының, мемлекет дамуының басты факторына айналуына себеп болып отыр. Ұлылық пен дархандықтан тамыр тартқан дана халқымыз «білімдінің мыңды жығатынын» ескертіп, «Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы» деген тағылымға толы өсиет

техникалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік өлкетану сынды 4 бағыт бойынша жұмыс істейді. Айта кетерлігі, үйірмеге қатысу тегін. 2022-2023 оқу жылында орталықта 360 бала білім алды. Әр оқу жылында үйірме жетекшілері оқушыларды қабылдап, өнерге баулуға әзір. Сондай-ақ, балалардың жаз маусымында бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жаз айларында аталмыш орталықтың түрлі үйірмелері жұмыс жасады. Соның бірі – «Ағашты көркемдік ою» үйірмесі. Аталмыш үйірме жаз маусымында оқушыларды ағаштың түрлерімен, олардың ерекшелік қасиеттерімен, жұмыс орнын қалай жабдықтау керектігін, ағашпен жұмыс жасауға арналған құрал-жабдық түрлерімен, оларды дұрыс пайдалана білуге, ағашпен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерімен етене танысып қана қоймай, іс жүзінде меңгеріп, ағаш ою, ағаштан бұйым жасау шеберлігіне үйретті. Сонымен қатар, балалар ағаш бетіне салынатын ою түрлерін, тұрмыс жағдайында пайдалануға болатын декор элементтерін, бұйымдарды жасауды меңгереді.



қалдырған. Бала қабілеті мен дарынын толық ашу тек қана бала үшін емес, ең алдымен қоғам үшін де маңызды болып отыр. Мектепте білім нәрімен қаруланған ұрпақтың одан әрі жетілуіне, жан-жақты тұлға болып қалыптасуына, шығармашылық шыңға жетуіне еліміздегі қосымша білім беру орталықтарының да атқарар рөлі зор.

«Ел мен елді, халық пен халықты, ұлт пен ұлтты теңестіретін нәрсе – білім» деген еді ұлы Мұхтар Әуезов.

Ақтоғай аудандық «Қосымша білім беру орталығының» жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде атқарған жұмыстары баршылық. 2021-2022 оқу жылында есігін айқара ашқан балалар шығармашылық орталығына қарасты 7 үйірме бар. Орталық ғылыми-

«Балғын бала жас өскін шыбық сияқты. Бағыттаған жағына қарай бой түзеп өседі. Адамның жас күнінде үйренген машығы өмір бойғы кәсібіне айналған жағдайлар аз емес. Жеткіншектерге тәрбие процесін ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының алатын орны ерекше. Қосымша білім беру орталығында баланың дамуына барлық жағдай жасалған. Үйренемін, білімдімін шындаймын деген ниет болса болғаны. Алдағы уақытта бұл жерде тағы да кабинеттер ашылып, жаңа үйірмелермен толығымен болады», – дейді «Қосымша білім беру орталығының» мамандары.

Ақтоғай аудандық «Қосымша білім беру орталығы».

Еске алу

Ақтоғай ауылының тумасы, аяулы анамыз **Жақышқызы Айткүл** тірі болғанда тамыздың 16-сы күні 70 жасқа толған мерейжасын арқа-жарқа болып тойлар едік. Өмір көші анамызсыз жалғасып жатса да, көңіліміздің түкпірінде, жүрегіміздің төрінде абзал анамызға деген сағынышымыз жанымызды сарғайтады. Марқұм анамыздың рухы пейіште шалқып, Алланың шапағатына бөленсін деп дұға бағыштаймыз.



Бүгінде жүрмесен де арамызда, Бәрібір мәңгіліксің санамызда. Рухыңа арнап дұға бағыштаймыз, Сағынып өзінді еске аламыз да.

Еске алушылар: балалары – Әсел-Болат, Мейірман, Айман-Құдайберлы, Бүркіт-Сәния және жиендері мен немерелері.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты ұл, кимас бауырымыз **Ноғазов Омар Жәстілқұлын** сағынышпен еске аламыз. 2004 жылдың 4-қазанында сұм ажал асыл баламыздың орнын үнірейтіп, үй-іші мен туған туыстарының көңілінде арылмас мұң ұялатып кетті. Егер тірі болса, 4 тамыз күні 50 жасқа толар еді.

«Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Алланың ісіне шара бар ма, мәңгілік сағынышқа айналған жарқын жүзін аңсаумен келеміз. Асқар таудай өке, қамқор бауыр болған ардақты жанның жатқан жері жарық, жаны жәннатта болып, қабірі Алланың нұрына бөленсін деп рухына дұға бағыштаймыз.

Әттен, дүние болды ғой ғұмырын қысқа, Тірі болсаң келер едің 50 жасқа.

Отыз бір жасында қара жер қойнына алды, Біздерменен ақжарқын бейнең қалды. Амал бар ма, жазмышқа бағынамыз, Еске алып, әрқашанда сағынамыз.

Еске алушылар: анасы – Гүлжамал, бауырлары, балалары, немересі – Мәди, жиені – Айзере.

Жарамсыз деп танылсын

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Нұрзат» шаруа қожалығының жетекшісі Аманбаев Егінбай ЖСН 590510350228 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1505648, шыққан жылы 2008 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Кежек ауылдық округінің тұрғыны, «Шөмшек» шаруа қожалығының жетекшісі Майлыбеков Қуаныш ЖСН 771101350196 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001217999, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

Сарытерек ауылдық округінің тұрғыны, «Қызылшоқы» шаруа қожалығының жетекшісі Рахымжанов Қыдырбай ЖСН 561209350040 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 000001264709, шыққан жылы 2013 ж. кассалық аппараты жарамсыз деп танылсын.

22 қараша 2021 жылы Рахимберлин Даурен Төлеутаевич қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзін мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкенбаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен-жайына хабарласуына болады. Тел.: 87058328306.

Келбеті келісті, қадамы жемісті – Сарышаған

«Балығы тайдай тулаған...» Балқаш көлі жағалауын жайлаған Сарышаған елді мекенінде қазір аудан халқының 5 мыңнан астам тұрғыны шоғырланып, әлеуеті дамып келетін кенттер қатарында.

Сарышаған кенті 1950 жылы Балқаш қалалық атқару комитетінің шешімімен құрылған. Жер көлемі – 16570 га. «Өзен жағалағанның өзегі талмас» демекші, балықшылар ауылы болып құрылған аядай мекен бүгінде тоғыз жолдың торабындағы авто, теміржол жолаушылары ат шалдыратын іргелі кент. Сонау 1947 жылы кент маңында теміржол құрылысы басталады. Сол кездері



мұнда балық пункті болған. 1948 жылы аурухана, бастауыш мектеп, сауда базары, пошта бөлімшесі мен теміржол салушылар мекемесі бой көтереді. 1953 жылы Мойынты-Шу теміржолы салынып бітіп, тепловоз депосы, жол жөндеу дистанциясы, байланыс және белгі беру дистанциясы ашылған. Ал, 1955 жылы алғашқы №175 мектеп ашылған. Теміржол, балық аулау жұмысы жергілікті халықтың ата кәсібін айналса, бүгінде өркениет көшімен ұрпағына сабақталған. Биыл аталмыш кенттің құрылғанына 70 жыл толып отыр. Жетпіс жылдық мерейтойын жақсы жетістіктер, толайым табыстармен қарсы алып отырған сарышағандықтардың берекелі бастамасы, кенттің тыныс-тіршілігі ауыз толтырып айтарлық.

Алдымен кенттегі коммуналдық сала бойынша атқарылған жұмыстарды тілге тиек етсек, Сарышаған кенті бойынша жылыту маусымында 2 жергілікті орталықтандырылған қазандықтар жалпы саны 12 көпқабатты үйлерге жылу береді. 2022-2023 жылдың жылу маусымы тұрақты кестеге сәйкес өтті, локалды қазандықтарда көмір жеткілікті мөлшерде болды. Сарышаған кентінің тұрғындарын алдағы жылыту маусымында үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін қазандықтарға жалпы көлемі 2 082 тонна көмір қажет.

Жазғы су құбыры жүйесінің 830 м құбырларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын және де соңғы жылдары су жағадан 10 метрге алыстап кетіп, диаметрі 200 мм суда жатқан құбырды 18 метрге ұзарту жұмыстары жасалуда.

Теміржол-1 көшесіндегі 8 үйдің тұрғындарына Ақтоғай ауданының тұрғын үй шаруашылығы бөлімі арқылы абоненттердің үйлерінің жанында су құбыры мен ұңғыма орнатуға бюджет қаражаты бөлініп, орталық су жабдықтауына қосылуға жұмыс жасалуда.

Кентімізді көркейту және абаттандыру, көгаландыру бойынша Теміржол көшесіне ауданы 488 м2 баскетбол-волейбол алаңын орнату үшін сметаға сәйкес, «АВАЛОН» ЖШС-мен келісім-шарт жасалып, жұмыс басталады.

Ынтымақ көшесіне балалар ойын алаңы орнатылды. Осылайша, Сарышаған кентінің 17 көшесінің 5 көшесі 10 балалар ойын алаңдарымен жабдықталды. Сарышаған кентінде Энергетик көшесінде – 1 алаң, Достық көшесінде – 1 алаң, Абай көшесінде – 1 алаң, Ынтымақ көшесінде – 1 алаң, 3 ықшамауданында 6 ойын алаңдары орнатылған. Сарышаған кенті бойынша 2024-2026 жылдарға арналған «Даму» бағдарламасына Теміржол, Балқаш, Абай, Мектеп, Шәкірбек, Тәуелсіздік, Бейбітшілік көшелеріне балалар ойын алаңдарын салу жоспарланып отыр.

Көпқабатты үйлердің тұрғын үй қорының саны – 27. Оның ішінде 7 бес қабатты, 1 үш қабатты және 19 екі қабатты үйлер, олардың ішіндегі үшеуі екі қабатты үй апатты деп танылған. 2021-2022 жылдарда аудандық бюджет есебі қаражатынан 9 көпқабатты үйдің шатырына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 3 ықшамауданы 4-ші үйде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Биыл көпқабатты үйлердің шатырларына қаражат бөлініп, Абай көшесі №10, 14, 15, 22 үйлердің, Мектеп көшесі №17 үйдің шатырларына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Тұрғын үй қорын сақтау мақсатында қалған 9 үйдің шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет.

1950 жылы Сарышаған кентінің әкімінің ғимараты салынған, сыртқы жөндеу жұмыстары осы уақытқа дейін жүргізілмеген. 2022 жылы ғимараттың ішкі жұмыстары жүргізілді. Кентіміздің әкім ғимаратының сырт бейнесін де жаңартып, қазіргі заман талабына сай ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаржы сметалық құжат бойынша ойнатылды, тендерді жеке кәсіпкер «Капал» ұтып алды, жұмысын уақытында жасамағаны үшін келісім-шарт бұзылды.

Сонымен қатар, коммуналдық жалға берілетін тұрғын үйге кезекте тұрған көпбалалы отбасылар үшін 7 екі пәтерлі үй салынған. 2022 жылдың шілдесінде тұрғындар қоныстанды және сол көшеге 800 м грейдер жолы мен 35 жарықтандыру бағанасы орнатылды. Биыл 860 м ағаш қоршауынан 7 үйдің



қоршауын орнату үшін сметалық есепке сәйкес қаражат бөлінді. Оны да жеке кәсіпкер «Капал» ұтып алды.

Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру бағдарламасы бойынша Энергетик және Теміржол көшелеріне көше жарығы орнатылды. (Энергетик көшесіне (1000 метр) 25 тірек, Теміржол көшесіне (2000 метр) 61 тірек орнатылды). Осылайша, Сарышаған кентінің 17 көшесінің 13 көшесі 400 энергия үнемдейтін шамдармен жабдықталды.

Санитарлық тазалық бойынша көктемгі маусым мерзімінде 2 айлықтың санитарлық тазалық бойынша 3 рет (18 наурыз, 15, 22 сәуір) ауылдың ішінде сенбіліктер жүргізілді. Сенбілікке кенттегі 20 мекемеден 200 адам мен 2 арнайы техникалар жұмылдырылды. Жиналған аумақ 10 га құрады, ТҚК (ТБО) жинауға қойылған контейнерлер саны – 75 дана.

Сенбіліктермен қоса апта сайын «Таза бейсенбі» күндері мекемелердің аумағында жүргізілуде. Күл-коқысты ауладан тыс, көше бойына төктірмеу, жеке меншік үйлердің иесімен күл-коқысты шығару жөнінде келісім-шарт жасау, әр үйдің иелері аулаларын реттеу, жөндеу, сырлау бойынша ауыл халқымен 2 рет жиындар өткізілді. Айлықтың жүргізілуі кезінде тұрғын үйлердің, мекемелердің жанындағы шығарылмаған күл-коқыстарды тазартуды қадағалау, шара қолдану, айыппұл салу үшін ПБ полиция қызметкерлерімен рейдтер өткізудеміз. Талапқа сай емес 3 күл-коқыс орындары жойылды.

2023 жылы 2000 тонна қатты тұрмыстық және құрылыс қалдықтары жиналды. «Бизнестехмонтаж» ЖШС-мен жұмыстар жүргізілді.

А.Тоимбеков,
Сарышаған кентінің әкімі.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті **Болбақова Бақытгүл Нәсірқызы!**

Сізді асқаралы 60 жастың шыңына шығып отырған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, отбасыңыздың амандығын тілейміз. Туған-туыс, бала-шаға, немерелеріңіздің алдында абыройыңыз әрдайым артып, отағасы Қуандықпен бірге біріңіз ақсақалды ата, біріңіз ақжаулықты асыл әже болып, өмір жолдарыңызда жақсылықтарға жете беріңіздер. Алла бойыңызға күш-қуат беріп, көрер қызығыңыз еселене берсін!

Құттықтаймыз жайдары жақсы күнмен,
Орта толсын туғанмен,
шатық үнмен.
Қуанышты ғұмыр кешіп отбасында,
Жүзге жет деп тілейміз шын көңілден.

Тілек білдірушілер: анасы – Құлпан және бауырлары.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **2-16-34** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Сатылады

Косилка КТП-4 – 1 550 000 тг.
Косилка КТУ-6 – 2 600 000 тг.
Грабли ГПП-4,5 м – 700 00 тг.
Грабли ГПП-6,5 м – 800 00 тг.
Жеткізіп беру тегін.

Субсидия алуға барлық құжаттар ұсынылады.
Қаспи арқылы бөліп төлеу бар.
Телефоны: 87013680513,
87017292851.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.Елеусизова

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 1000 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

